



**VIII** Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную **25**-летию Независимости Республики Казахстан

### г. Алматы

1. Айтмолданова Аружан .....	2
2. АйтмолдановБауыржан.....	3
3. Атаев Дастан,.....	4
4. Жүсүпқали Данагүл.....	5
5. Кесекпаева Аружан,.....	10
6. Серік Әмина.....	11

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся  
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую  
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

**Айтмолданова Аружан**  
**Алматы қаласы**  
**7 сынып, № 53 мектеп –гимназия**  
**Жетекшісі: Қойшыбаева Г.М.**

**Тәуелсіздікке 25 жыл!**

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан мемлекеті өз тәуелсіздігін алды. Біз тәуелсіздікке өңай қол жеткізген жоқпыз. Қазақ даласының қазақ халқының көрмегені жоқ. Ата-бабаларымыз неше түрлі қиын кезеңдерден өтті. Бабаларымыздың небір қиын қыстау сәттерді басынан өткерді. Бірақ тоқтап қалмады. Олар еңбек етті. Соның нәтижесінде ақылды данагөйлерімізбен, мықты батырларымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бәрі бірігіп жауып жеңеді. Сөйтіп біртұтас елге айналады, біз өз тәуелсіздігімізбен қоса, көк байрағымызды, елтаңбамызбен, әнұранымызды алдық. Сол сәттен бері 25 жыл өтті Қазіргі Қазақстан сахнасында мақнаарлықтай беделге ие. Бүгінгі таңда 130 дан аса ұлтпен ұлыс көк ту астында тату тәтті өмір сүріп отыр. Болашақ жас бұын үшін бүкіл жақсылық жасалып беріледі. Ендігі бізге қойылар талап: осы мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана отырып,ғылым-білімді меңгеру, ел болашағына қызмет ету. Қарап отырсам, біз қазақ халқы ешнәрседен кемде емеспіз. Қайнауы қазынаға толыұлан-байтақ жеріміз бар! Табиғатымыз ауыз толтырып айтарлықтай әсем! Көл де, шөл де, нурлы қыратты – ойпатты жазық далада аспанмен тірескен биік таулар да жеткілікті! Олармен мақтана алатын алып тұлғаларымыз, ұлы ойшыларымыз ақын - жазушылар ғалымдарымыз да бар! Мен осындай өлкеде өмірге келгеніме қуанамын «Мені елім Қазақстан» деп көкіргеімді керіп мақтанышпен айта алам! Еліммен, Елбасымызбен бен мақтанамын Егемен еліміз Елбасымыз армандағандай Мәңгілік елге айналып, Тәуелсіздігіміздің тұғыры әр дайым биік болғай!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся  
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую  
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

**Айтмолданов Бауыржан  
2 сынып, № 53 мектеп –гимназия  
Алматы қаласы**

**Менің Қазақстаным!**

Менің Отаным – егеменді, тәуелсіз Қазақстан. Биыл тәуелсіздік алғанмызға 25 жыл толды. Біз тәуелсіздікті оңай алған жоқпыз. Ата-бабаларымыз жауларын жеңіп, осы тәуелсіздікті бізге сыйға тартты. Қазыр ХХІ ғасыр дамыған елдердің қатарына қосылдық. Біздің мемлекетіміз осындай аз уақытта көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Мемлекетеріміздің қазба байлықтары да өте көп. Біз тату мемлекетке айналдық.

Көк туымыз биіктен желбіреп, сол тудың астында бақытты өмір сүріп жатырмыз. Мен Айтмолданов Бауыржан кеін өскенде жақсы оқып, өз Отанымды көркейтемін.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся  
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую  
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

**Атаев Дастан,  
Алматы қаласы  
147-гимназияның 3 «б» сынып оқушысы  
Жетекшісі: Мұхамедкаримова Ақмарал Сайлауқызы**

**Тәуелсіздікке - 25 жыл**

2016 жылдың 16 желтоқсанында - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерей тойы. Бұл мемлекетіміз үшін ең басты, құнды мереке болмақ. Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Тәуелсіз еліміз көптеген толағай жетістіктерге қол жеткізіп, әлемдегі қабілетті 50 елдің қатарына енді. 2016 жылы мемлекетіміз бен халқымыз үшін мәні мен маңызы зор мерейтойлар бар.

Атап айтсақ, биыл: Бөкей Ордасының құрылғанына 215 жыл. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы. Халыққа білімнің нұрын шашқан, жазушы, қоғам қайраткері, пелагогы Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығы Жыр алабы Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойы. 1991 жылы 2 қазанда қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтың ғарышқа сапар шегіп келгеніне 25 жыл. Ол 10 қазан күні жерге оралды. 2016 жылы желтоқсан көтерілісіне отыз жыл толады. Бұл ерлік пен өрлік, әрі қаралы да, қасіретті күн еді. Қаншама әпке-ағаларымыз Біздің болашағымыз үшін ерлік көрсетіп, қаза тапты. Біз оларды мақтан етеміз. Біздің ешкімге тәуелді етпей жарқын болашаққа жеткізді.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,  
Лаула, лаула желтоқсанның мұзге жаққан алауы,  
Оздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің,  
Ешқашанда еңкеюге тиіс емес жалауы!  
Қымбатты менің сыныптастарым!

Әрқашанда қазақстанымыздың туы желбіреу берсін! Еліміз аман,  
жұртымыз тыныш болсын!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся  
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую  
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

**Жүсүпқали Данагүл**  
**6 «Д» сынып, № 32 КММ. ЖББМ.**  
**Алматы қаласы, Түркісіб ауданы.**  
**Жетекшісі: Буранбаева Наталия Қуановна**  
**e-mail:buranbaieva54@mail.ru**

**Астана және Президент**

Менің	Отаным	–	Қазақстан,
Жасара	бер		әрқашан.
Президент	ата		Нұрсұлтан
Біздің	елді	басқарған.	

**Шығарманың жоспары**

- 1.Кіріспе:** Елім, жерім - Қазақстаным, Ата Заңым – тірегім.
- 2.Негізгі бөлім:**
- а) Астана қаласының тарихы.
  - ә) Елорда және Елбасы.
  - б) Астана – Азияның ең солтүстігінде орналасқан елорда.
  - в) «Бәйтерек» кешені жаңа ел орданың - басты символы.
  - г) Астана - Еуразия кеңістігінің орталығы.
- 3.Қорытынды:**
- а) Елбасының - ізгі саясаты, арманы.
  - ә) Астана - бүгін өскелең қала.

Қазақстан Республикасының Конституциясы — Қазақстан мемлекетінің Ата (негізгі) заңы. 1995 жылы 30 тамызда Республика референдум өткізу (бүкіл халықтық дауыс беру) жолымен қабылданды. Конституцияны қабылдай отырып, Қазақстан халқы мемлекеті биліктің қайнар көзі — өзінің егемендік құқығын баянды етті. Ата заң қабылданған күн демалыс — мемлекеттік мереке — ҚР Конституциясының күні деп жарияланды. Бұл жаңа Конституция Қазақстанның төртінші Ата заңы (1937, 1978, 1993, 1995). Оның құрылымы кіріспеден, 9 бөлімнен, 98 баптан, көптеген тармақтар мен тармақшалардан тұрады. Жаңа Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және ол ҚР-ның бүкіл аумағында тікелей қолданылады.

Бүгінде Қазақстанның негізгі ұлтын қазақ халқы құрайды. Одан кейін славян халықтарының өкілдері орыс және украин халықтары. Сонымен қатар ең елеулі этносты құрайтындар өзбек, немістер және татар халықтары. Осы

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся  
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую  
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

біздің елдегі халықтар басын біріктіріп, олардың ұлттық тегіне қарамастан, теңдігін бекітетін құжат бар. Ол еліміздің Ата Заңы, Конституциямыз.

**2а)** Қазақстанның ең бірінші астанасы 1920 жылы Орынбор болған. 1925 жылы астана Қызылордаға көшті. Түркісбтің салынғанына байланысты астана Алматыға көшті. Заң түрінде бұл оқиға 1927 жылдың 3-ші сәуірінде болды, шындығында көшу 1929 жылы болған. Ақмоланың тарихы 1830 жылдан бастап, яғни Қарауыткөл алқабында Ақмола бекінісі салына бастаған кезден басталады.

Ақмола – Есіл өзені жағасындағы Ақмола округінің Сібір қазақтарының негізгі қаласы болған. ХІХ ғасырда да Ақмола сол кездегі сауда – экономикалық орталығы болды. 1863 жылдың 16-шілдесінде Ақмола ашық түрде округтік қала болып саналды. 1868 жылдың қазанында “Орынбор және Батыс Сібір генерал губернаторлығының уақытша басқару жағдайына” байланысты Омбы орталығымен Ақмола облысын тудырды. Облыстың ең ірі өзендері – Есіл, Нұра, көлдері – Теңіз, Қарасор, Қорғалжын, Балықтыкөл, Қыпшақ т.б. Жануарлар әлемі: 55 сүтқоректілер түрі, 180 құстар, 30 балықтар түрі, өсімдіктің 66 түрі өседі. Жасыл әлемінің аумағы 4391,6 га. Оның жер қойнауында алтын, уран, сүрме, боксит, мыс, қоңыр көмір, кварц құмдары және т.б пайдалы қазбалары бар. Ата бабаларымыз көп жылдар бойы тәуелсіз ел болуды армандады. Наурызбай, Бөгенбай, Қабанбай батырларымыз, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин және тағы басқа ақын-жазушыларымыз тәуелсіздік үшін күресіп, көбі репрессияға ұшырады.

**ә)** 1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан елі тәуелсіздік алды. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Әрине мемлекет құрылған кезде тіл де, рәміздері де, қалыптасады. Қазақстанның заманға лайық жаңа астанасын салу идеясы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі. Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы 2000 жылдан бастап Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі. 1991 жылдан 2016 жылға дейін Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы, Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа ұйымдарға кіріп, 2010 жылы Азиаданы өткізді. Еліміздің басқа да жетістіктері көп. Қазақстан жерінде Менделеев кестесінің 99 элементі бар. Бұл біздің үлкен мақтанышымыз.

**б)** Астана – Азияның ең солтүстігінде орналасқан елорда. Қазіргі уақытта Астананың аумағы 722 шаршы шақырымнан асады, тұрғындар саны – 853 мыңға жуық. Қала үш ауданнан – «Алматы», «Сарыарқа» және «Есіл» ауданынан тұрады. Астана қаласында парламент үйі, Ақ орда және бәйтерек

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся  
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую  
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

орналасқан. Қазақстанның бұдан басқа Алматы, Атырау, Көкшетау, Қостанай, Орал, Ақтау, Петропавл, Павлодар, Семей, Өскемен, Қарағанды, Жезқазған, Шымкент, Тараз, Қызылорда қалары мен көп деген ауданы, ауылдары бар.

Қала экономикасының негізі – сауда, өнеркәсіп өндірісі, көлік, байланыс және құрылыс салалары. Қаланың ірі кәсіпорындары қатарында Целиноград вагон жөндеу зауытын «Еврокоптер Казахстан инжиниринг» ЖШС тікұшақ құрастыру зауытын айтуға болады. Астананың сәулеткерлік тұжырымдамасын жасау барысында Нұрсұлтан Назарбаевтың ел ордада Батыс пен Шығыстың мәдени дәстүрлері үйлесім тапқан ерекше еуразиялық стиль қалыптастыру идеясы негізге алынды. Астаналық бас жоспардың авторы белгілі жапон сәулеткері Кисе Курокава.

в) «Бәйтерек» кешені жаңа елорданың басты символына, оның өзіндік бойтұмарына айналды. Өзге де бірегей сәулеткерлік ғимараттар қатарында белгілі архитектор Норман Фостердің жобасы бойынша пирамида үлгісінде салынған «Бейбітшілік және келісім» сарайын, әлемдегі ең биік шатыр үлгісіндегі ғимарат - «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығын, теңізден алыс орналасқан океанариум – «Думан» орталығын, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театрын, Орталық Азиядағы ірі мешіт – «Әзірет Сұлтан» мешітін, Әулие Үспен Богородица кафедралдық соборын, Әулие Мария Архиепархиясы рим-католиктік кафедралдық соборын, «Бейт Рахель Хабад Любавич» синагогасын, «Қазақстан» орталық концерт залын, «Қазақ Елі» монументін, қазіргі заманғы өнер музейі мен Президенттік мәдени орталық ғимараттарын атауға болады. 2016 жылы Қазақстан мен Орталық Азиядағы ең биік ғимарат – 88 қабатты «Әбу-Даби Плаза» кешенін іске қосу жоспарланған. Жаңа спорттық нысандар арасында 30 мың көрерменге арналған «Астана-Арена» жабық стадионы, 2011 жылы әлемде үздік деп танылған, 10 мың орынға арналған «Сарыарқа» бірегей велотрегі бар. Тағы бір маңызды спорттық кешен – ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін «Алау» мұз айдыны. Мұнда отандық білім беру ісінің жетекшілері – Назарбаев Университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Қазақ ұлттық өнер университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы, Астана медициналық университеті орналасқан.

г) Бүгінде Астана халықаралық маңызы бар түрлі форумдар, конгрестер мен өзге де іс-шаралар өтетін Еуразия кеңістігінің орталығына айналды. Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері, Астана экономикалық форумы және өзге де маңызды халықаралық оқиғалар тұрақты түрде өтіп келеді. Астанада ЕҚЫҰ-ның тарихи саммиті, ШЫҰ мен ИЫҰ-ның мерейтойлық саммиттері болып өтті. 2011 жылдың басында республиканың елордасы VII Қысқы Азия ойындарының қатысушылары мен



**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся  
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую  
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қонақтарын қабылдады. Енді 2017 жылы Астанада «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесі өтеді. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің идеясымен іргесі қаланған жаңа елорда қысқа мерзім ішінде жалпы ұлттық идея мәртебесіне ие болып, жас мемлекеттің тәуелсіздігінің символына және жаһандық табысына айналды. Нұрсұлтан Назарбаев Астананың мерейтойына арналған өзінің бағдарламалық сөзінде жаңа елордалық қаланың даму философиясын өте анық және бейнелі түрде айқындап берді: «Осында ежелгі Сарыарқа жерінде тек астана емес, еліміздің болашақ бесігі өмірге келді. Астана тарихы мен қазақстандықтардың тағдыры бір-бірінен ажырағысыз. Астана барша қазақстандықтарды біріктіретін және алға қарай қадам басқан жарқын, қуатты, гүлденген қалаға айналды».

**3а)** Ертеңге қалдырар, ұрпаққа табыстар мирас-мұрамыз да, байлық базарымыз да - сол елмен, жердің тағдыр талайы. Аңыз бен ақиқаттың шындық шырайындай Асан бабамыздың желмаямен жаһанды кезіп, халқына құт мекен болатын жерұйықты іздеуінде жан тебіренерліктей сыр жатыр емес пе? Ұлытаудан басталар ұлы көшіміздің кеңес дәуірі кезінде Астана қазығын бірде Орынбор, бірде Қызылордаға қадап, одан жасыл желекті, түсті кілем Алматыға тұрақтауы Мәскеудің пәрменімен болған еді. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана елорданың қай жерде болуын таңдау мүмкіншілігіне Елбасымыз ие болды. Оның өзі Елбасының ізгі саясаты, көрегендігі мен кемеңгер ойының жемісі, арманы, мақсаты, халқының тарихынан нәр алғандығы шығар. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның Еуразиялық ел екенін, оның астанасының орасан зор қос құрлықтың, өкпе тұсында орналасқанын, демек келешекте қаланың осынау ұлан-ғайыр кеңістіктің қуатты желілері тоғысқан торабына, ХХІ ғасырдағы экономикалық, технологиялық, ақпараттар тасқынының арнасына айналатынын атап көрсеткен болатын.

ә) Астана - бүгін өскелең қала. Есілдің мәрмәр жағалауынан зәулім ғимараттар салуға да, қаланың орталық бөлігінде еуропалық үлгідегі шағын орамдар тұрғызуға да орын жетерлік. Ендеше, шаһардың кейбір кең де түзу көшелері дәстүрлі шығыс байтақтарын, мәселен, көргендерге Каир мен Делиді елестететіні сөзсіз. Еліміздің жаңадан орын тепкен ордасын көркейту мақсатына орай президентіміз 2001 жылы «Астана жаңа қала» деген арнайы экономикалық аймағын құрған болатын. Астанамыздың кескін-келбеті Европа материгінде орналасқан Париж қаласының дәл өзінде жүргендей сезіндіретін шығар. Парижге барғандар ең алдымен Эйфиль мұнарасын іздесе Астанаға келгендер биіктігі 97 метрге жететін «Астана-Бәйтерек» монументін іздейтін сияқты. Осының өзі әлем төрінен орын алатындай көрініс, шіркін! Бас алаң төріне көз тастаған жан бүкіл тарихы- бірігу тарихы болған халқымыздың өмірінде келісімді билігімен, әділ сөзімен, елінің басына ауырпашылық түскенде шешендігімен алғырлығымен еліне қорған болған, асқан беделге бөленген дана үш би- Әйтеке, Қазыбек, Төле бас қоса



**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся  
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую  
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

отырған сәулетті ескерткіш орнатылыпты. Көшелері де тап-тұйнақтай, қазақ даналарының есімімен аталады. Елорданың өркендеуі еліміздің өркендеуінің белгісі. Ендеше бас қаланың жаңадан қаланып жатқан іргетасының берік болуы да мемлекетіміздің болашаққа нық сеніммен жасар қадамының нағыз кепіліне айналмақ. Келер ұрпақтың да, жастардың да болашағы бір өзінде! Ал сенің гүлденуіңе біз-жас ұрпақ, біз-атсалысамыз. Келешегің жарқын болсын, халқымның ақ ордасы, көркейіп, биіктерден көріне бергейсің!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Қазақстан Республикасы: Ақпараттық төлқұжат.-Алматы, Жеті ЖАРҒЫ, 1998.-110 б.

Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде.-Алматы: Атамұра, 2005.- 192 б.

Назарбаев Н.Ә. Сындрлы он жыл.- Алматы: Атамұра,2003.-240б.

Назарбаев Н.Ә. Туған елім – тірегім / Н. Назарбаев : Құрас.: М. Қасымбеков. – Алматы : Рауан , 2001. – 127 б.

Ежелгі Қазақстан : Қазақстан балалар энциклопедиясы.- Алматы: Аруна, 2002.- 224 б.,илл.

Жанайдаров О. Менің елім – Қазақстан : балаларға арналған энциклопедия / О. Жұмаханов Т. Алтын Орда: Қазақ хандығы (Ібөлім):Қазақстан балалар энциклопедиясы.- Алматы: Аруна, 2004.- 224б.

**ҮШ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся  
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую  
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

**Кесекпаева Аружан,  
Алматы қаласы  
147-гимназияның 3 б сынып оқушысы  
Жетекшісі: Мұхамедкаримова Ақмарал Сайлауқызы**

Бабаларымыз аңсаған арманына жетті. Тәуелсіздігімізге 25 жыл толды. Мен осы елдің ұланы болғанымға өте қуаныштымын. Мен құрдастарым: біз бақытты ұландармыз. Сондықтан біз елімізді қорғауымыз керек. Біз осы елдің тірегіміз. Мен осы Тәуелсіз елде тұрғанымға және отбасым тұрғанымға қуаныштымын. Сондықтан мен туысқандарымды, жақындастарымды, отбасымды, достарымды қорғауым керек. Мен бақытты баламын.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся  
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую  
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

**Серік Әмина**  
**Алматы қаласы**  
**147-гимназияның 3 б сынып оқушысы**  
**Жетекшісі: Мұхамедкаримова Ақмарал Сайлауқызы**

**Ел тәуелсіздігіне 25 жыл**

Ата-баларымыз сан ғасырлар бойы аңсап жеткен тәуелсіздігіміздің тұғырымызға тұрақтағанына, міне, 25 жылдың жүзі болыпты. Азаттық - біле білген адамға баға жетпес байлық іспетті. Жылдар бойына өзгенің бодауында болған біз үшін бұл үлкен жетістік, мәртебе. Өнер, білім, спорт саласындағы жетістіктерімізді паш еттік. Дамыған елдермен тереземіз теңесіп, іргеміз бекіді. Бойында ұлттық рухы биік саналы жас ұрпақ өсіп келеді. Мен осындай егеменді елімнің бар екеніне қуанамын. Сол елдің ұрпағы екенімді мақтан тұтамын. Әр елдің болашағы жастардың қолында. Сондықтан да біз бейбітшілік пен береке салтанат құрған қасиетті қазақ жерінің тыныштығы мен татулығы ұстап тұруға тиіспіз. Мен өз замандастарыма: біз бейбіт елдің бақытты ұландарымыз., біз текті елдің ұрпағымыз дегім келеді. Қайсар қазақ елінің мерейі ұстам, рухы қашанда асқақ болсын.